


● Қазақстан жеріндегі
тайпалық одақтар мен
ежелгі мемлекеттер

Қазақ даласында тарихи кезең «Темір дәуірі» орнаған соң үлкен аймақтарды мекендеген ірі тайпалар одағы қалыптаса бастады. Бұл тайпалық одақ «Сақ» деген атаумен ежелгі авторлардың еңбегіне арқау болған. Сақтардың хронологиялық шеңбері б.з.б. VII-IV ғғ. Грек тарихшысы Геродот сақтарды «Азиялық скифтер» парсы ескерткіштерінде «Құдретті еркектер» иран жазбаларында «Жүйрік атты турлар» деген атпен аталды.



Парсылардың
«Накширустамындағы» тас
жазбаларында сақтарды үш
топқа бөлген.



● 1 Теңіздің арғы
жағындағы сақтар
(парадарайа) Қара
теңіздің солтүстігі, Арал
теңізінің маңында,
Сырдария мен
Әмударияның төменгі
ағысында

2 Шошақ бөрік киетін
сақтар
(тиграхауда) Сырдарияны
ң орта ағысы, Тянь-
Шаньда, Жетісуда

3 Хаома сусынын
дайындайтын сақтар
(хаумаварга) Мургаб
аңғарында өмір сүрді

САҚТАР ДӘУІРІ

(ТЕМІР ДӘУІРІ)

(БІЗДІҢ ЭРАСЫҒА ДЕЙІНГІ 1 МЫҢЖЫЛДЫҚ)





Сақ қоғамы үш топқа бөлінді

жауынгерлер, абыздар және басқа қауым адамдары (малшылар мен егіншілер). Әрбір қоғамдық топтың дәстүрлі өз түсі болды. Жауынгерлердікі - қызыл, абыздардікі - ақ, өзгелердікі - сары және көк.

Сақтардың жат жұрттық басқыншыларына қарсы азаттық күресі

- Мидия елін бағындырған II-Кир сақ жерін басып алуға қалың қолмен аттанады. Сақтар үшін бұл отан соғысына айналды. Массaget патшайымы Томирис II-Кирге қарсы соғысады. **Б.з.б.529 ж** парсылар әскері сақтардан жеңіліп, парсы патшасы соғыста мерт болады. Томирис адам қаны толтырылған меске Кирдің басын салып тұрып: **«Аңсағаның қан болса, ал енді іш!»** - деп айтады.





- Ахаменидтік парсы патшасы I Дарий сақтарға қарсы келесі жорығын ұйымдастырады. Осы кезде сақ малшысы Шырақ атты ер жүрек кісі тайпа көсемімен ақылдасып парсыларды алдауды ұйғарады. Құлақ, мұрындарын кесіп Дарийдың алдына келіп өз тайпасынан зұлым көргенін айтып, егер қаласы оларға төте жолмен алып баруға көндіреді. Шыраққа алданған Дарий әскерлері шөлде адасып сусыздықтан қырылады. Амалы таусылған Дарий аз санды іскерлерімен еліне қайтып кетеді.

Б.з.б.330-327 жж Орта Азия жерлеріне басып кірген А Македонскийге қарсы сақтардың Спитамен атты көсемі қол бастады. Бірнеше рет жорықтардан соң шыдамы таусылған А Македонский жеңіліп Үнді жеріне жорыққа кетеді.




Александр Македонский эскерлерімен




Үйсіндер

Шығу тегі мен орналасуы. Б. з. б. I ғ. аяғында Қазақстан далаларында сақ тайпаларын ығыстырған жаңа тайпалық одақтар пайда болды. Бұлар - үйсіндер, қаңлылар, сарматтар, аландар



Үйсіндердің негізгі орналасқан жері Іле даласы. Батыс шекарасы Шу мен Талас өзендері арқылы өтіп, қаңлылар жерімен астасып жатқан. Шығыста үйсіндер ғұндармен шекаралас болып, оңтүстікте Ферғанаға дейін созылған.





Үйсіндер астанасы - Қызыл аңғар қаласы. Үйсіндер мемлекеті 3 бөлікке: шығыс, батыс, орталық бөліктерге бөлінді. Мемлекет басшысының лауазымы жазба деректерде гуньмо деп аталған. Олар жайылым, сауда жолы үшін қаңлы, ғұндармен ұзақ соғысты. Қытаймен кең дипломатиялық және туыстық қатынаста болды.

- Үйсіндер туралы тарихи деректер. Үйсіндер туралы кең мәлімет Қытай деректерінде көп кездеседі. Себебі үйсіндер Қытаймен кең байланыста болған. Үйсіндер туралы көп деректі Қытай тарихшысы Сыма Цян жазды. Оның жинағында үйсіндер туралы былай делінген: «Халықтың саны 630 мың, үй саны 120 мың, жауынгерлерінің саны 180 мың

Үйсіндерде жылқы көп. Бай адамдардың 4000-5000 жылқысы болады.»



Қаңлылар

Б. з. б. Шғ. Қаңлы тайпалық бірлестігі құрылды. Мемлекет аты алғаш Қытай жылнамасы «Шы Жи»-Дауан Лежуанда («Тарихи жазбалар»-Ферғана тарауы) жазылған «Қаң жүй го» деген атаудан алынған. Қаң жүй- қаңлы (орыс әдебиетінде «кангюй»), го - «мемлекет» деген мағынаны білдіреді.



Қаңлы мемлекетінің б. з. б I ғасырында дәуірленген кезеңінде халқының саны 600 мың адамды құрап, әскерінің саны 120 мыңға жеткен.

Қаңлылар астанасы - Битянь қаласы. Байланыс жасаған елдер - Қытай, Рим, Кавказ т. б. Қаңлы бейлеушісінің жеке иелік шекарасы Каспийдің солтүстік жағалауына дейін барған, оларға Арал теңізі мен Еділ өзенінің төменгі ағысының екі арасында билік құрған сармат-алан тайпаларының одағы түгелдей қарап, тәуелді болған. Қаңлы мемлекеті өз алдына дербес саясат ұстанып, көрші елдердің сырт жауларына қарсы тойтарыс беруіне көмектесіп отырған. Қаңлы патшасы өзі мекендеген солтүстік өңірді (Талас өзенінің аймағы) жеке басқарады.




Ғұндар

- Ғұндар бір кезде Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген ең ежелгі халықтардың бірі болды. Әртүрлі тарихи деректерде ғұндардың рулық және тайпалық бірлестіктері әрқилы аталды. Тарихта ғұндар құрған ірілі -ұсақты мемлекеттер белгілі. Осыған орай олардың ішінде ғұндардың ең үлкен, ең танымал екі империясы зор тарихи із қалдырды.

● Бұлардың біріншісі - қытайлықтар Томан шаньюй (б. з. б. 209 жылы қайтыс болған) деп атаған Тұман (Тумань, Теоман жабғу) мемлекеті. Ол өмір сүрген кезеңде ғұндар мемлекеті әжептәуір әлсіреді, бірақ оның мұрагері Құдіретті Мөде (Мете) мемлекетті айтарлықтай нығайтты, ел шекарасын империя деңгейіне дейін кеңейтіп, сапалық өзгерістерді жүзеге асырды. Ол ғұндардың үлкен мемлекетін б. з. б. 209 - 176 жылдар аралығында биледі. Бұл «Ғұндардың шығыс империясы» еді.





Екінші империя - Еділ (Еділ патша) мемлекеті. Оның заманында ғұндар Дунайдан бастап Сырдарияға дейін шығыс Еуропаны мекендеген аумақ пен халықтарды иеленді. Бұл мемлекет «Ғұндардың батыс империясы» деп аталды.

- Б. з. басында Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалардың ең жауынгер халқы ғұндар болды. Ғұндардың жауынгер билеушілерінің бірі Атилланың есімі ерекше. Оның Еуропа халықтарына басқыншылық жорығы бізге белгілі. Тіпті әлемнің сұлу шаһарларының бірі Венецияның салынуына Атилла бастаған ғұндардың шапқыншылық соғысы себеп болған. Сонымен бірге ғұндар Еуразияда б. з. б. болған «халықтардың ұлы қоныс аударуымен» тығыз байланысты. Қазақстан жеріне б. з. I ғ. басында қоныстанды. Ғұндар бірлестігінің негізін салушы Мода болды. Ол деректер бойынша б. з. б. 230 - 174 жылдары өмір сүрген. Б. з. б. III ғ. Ғұндардың билеушісі Мода үйсіндерге және Қытай аумағының біраз бөлігіне билік жүргізеді. I ғ. яғни 55 жылы ғұндар екіге бөлінеді:
- Оңтүстік ғұн мемлекеті қытайлардың қол астына кіреді.
- Солтүстік ғұн мемлекеті қазіргі солтүстік-батыс Моңғолия жерін мекен еткен. Билеушілері Чжи-чжи шаньюй болады. Чжи-чжи бастаған ғұндар Ыстықкөл маңында қытай әскерлерінен жеңіліп, қолға түседі. Ғұндар б. з. 93 жылдан бастап екінші рет Мажарстан жеріне (Венгрия) қоныс тебеді.



Ғұндардың қоғамдық құрылысы

- Мемлекет билеушісінің титулы - шаньюй. Шаньюйге түменбасы, жүзбасы, онбасылар бағынышты болды. Ғұндар 24 рудан құрылды. Әр руды ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар мемлекет ісін талқылау үшін бір жылда 3 рет құрылтай өткізіп отырды.



Еділ патша



● НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!